



**2023 жылғы «Қазаэронавигация» РМК қызметіндегі
сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысы
бойынша талдамалық анықтама**

19.09.2024 ж.

Астана қ.

«Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес және «Қазаэронавигация» РМК бас директорының 2024 жылғы 24 шілдедегі №05-03-7-521 «Қазаэронавигация» РМК (бұдан әрі – Кәсіпорын) қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бүйрығының негізінде Комплаенс қызметі 2023 жылғы Кәсіпорын қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді (бұдан әрі – СТИА).

СТИА Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бүйрығымен бекітілген, бұдан әрі - Үлгілік қағидалар) және Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға (Қазақстан Республикасы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бүйрығымен бекітілген) сәйкес жүргізілді.

Кәсіпорын «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитетінің кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 23 шілдедегі №736 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бірігуі жолымен құрылды.

Кәсіпорынның құрылтайшысы – Қазақстан Республикасының Үкіметі.

Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган – Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты – Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшу қауіпсіздігін және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушылардың аэронавигациялық қызмет көрсетудегі қажеттіліктерін

қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтық авиация саласының авиациялық персоналды даярлау мен медициналық қамтамасыз етудегі қажеттілігін қанағаттандыру.

Кәсіпорын қызметінің мәні – аэронавигациялық қызмет көрсету – әуе қозғалысын ұйымдастыруды, байланыс, навигация және бақылау жүйелерін ұсынуды, ұшуларды метеорологиялық және іздестіру-құтқарумен қамтамасыз етуді, аэронавигациялық ақпарат беруді қамтитын қызмет.

СТІА Үлгілік қағидалардың 11-тармағына сәйкес келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Кәсіпорынның қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Кәсіпорынның ұйымдық-басқару қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Кәсіпорынның қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Кәсіпорынның қызметін реттейтін және осы талдауда қамтылған негізгі нормативтік құқықтық актілер, ішкі құжаттар осы Талдамалық анықтамаға №1 қосымшада келтірілген.

Талдау барысында сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормативтік құқықтық актілердегі дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар белгіленбеген.

Кәсіпорынның ұйымдық-басқару қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Талдау аясында Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіне келесі мәселелер енгізілді:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдарды анықтау;
- 2) мұдделер қақтығысын реттеу;
- 3) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 4) жеке және занды тұлғалармен шарттар жасасу.

2. Персоналды басқару

Персоналды басқару Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Әлеуметтік кодексіне, өзге де заңға тәуелді актілеріне және Кәсіпорынның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіпорындағы кадрлардың ауысусы шамалы, персоналды жұмысқа қабылдау және ауыстыру Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №553 бүйрекімен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығында, Кәсіпорынның лауазымдық нұсқаулыштарында және ішкі актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Кадрлардың тұрақтамауы тұрақтамауына талдау жыл сайын жүргізіледі. Кадрлардың тұрақтамауы

2023 жылы Кәсіпорын бойынша 4,92%, орталық аппарат бойынша – 6,71% күрады.

Кәсіпорында бос лауазымдарға орналасу конкурстық негізде жүзеге асырылады және бас директордың 2018 жылғы 12 шілдедегі №05-03-8-476 бүйрығымен бекітілген «Қазаэронавигация» РМК бос лауазымына орналасу конкурсы туралы ережемен регламенттеледі.

Ереже Кәсіпорын қызметкерлерінің де, оның жұмыскерлері болып табылмайтын үміткерлердің де Кәсіпорында және оның филиалдарында бос лауазымдарға орналасуға конкурстық іс-шаралар өткізу тәртібін белгілейді. Конкурстық іс-шараларды өткізу үшін мұдделер қақтығысының туындауына жол бермеуді ескере отырып, конкурстық комиссияның тиісті құрамы тағайындалған.

Талдау жасалған кезең ішінде конкурстық комиссияның 12 отырысы өткізілді. Конкурстық комиссияның шешімдерімен Кәсіпорынның орталық аппаратының штатына 25 қызметкер қабылданды.

2023 жылы біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау, лауазымға тағайындау, үміткерлер үшін тең емес жағдайлар жасау, конкурстық іріктеу жүргізбей өзге лауазымдарға ауыстыру және конкурстық іріктеуді көзбояушылық үшін өткізу анықталған жоқ.

Кәсіпорында 2023 жылы 24 жұмыскермен еңбек шарты бұзылды (жұмыскердің бастамасы бойынша - 21, жұмыс берушінің бастамасы бойынша - 1, зейнеткерлік жасқа толуына байланысты - 2).

Занды күшіне енген сот актісіне сәйкес жұмыскердің әрі қарай жұмыс істеуіне жол бермейтін сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауына байланысты жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу фактілері жоқ.

Алайда, Кәсіпорынның ұйымдастыруышылық-басқарушылық қызметіндегі жекелеген мәселелердің реттелмегендігі анықталды:

1) Кәсіпорынның адам ресурстарын басқару саласындағы қызметінің көрінісін, құндылықтарын, принциптерін және негізгі бағыттарын, сондай-ақ осы қызметтің тиімділік критерийлерін анықтайтын кадрлық саясаты бекітілмеген.

Кәсіпорынның кадрлық саясатын әзірлеу және бекіту ұсынылады.

2) Бос лауазымға орналасу конкурсы туралы ережеде Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 103-бабы 2-тармағының және Еңбек Кодексінің 23-бабы 2-тармағы 11) тармақшасының талаптарына сәйкес бос жұмыс орындары пайда болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде олардың бары туралы мәліметтерді электрондық еңбек биржасында орналастыру тәртібі регламенттелмеген.

Көрсетілген ішкі құжатқа электрондық еңбек биржасында бос жұмыс орындарының бары туралы мәліметтерді орналастыру бөлігінде толықтырулар енгізу ұсынылады.

3) Кәсіпорында оның жұмыскерлерін оқыту, оның ішінде үміткерлерді іріктеу, оларды оқыту деңгейін анықтау және т. б. ресімдері регламенттелмеген.

Кәсіпорын қызметкерлерін оқытуды ұйымдастыру туралы ішкі құжатты әзірлеу және бекіту ұсынылады.

4) Кәсіпорында оның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді әзірлеу, келісу және бекіту тәртібін регламенттейтін құжат жок.

Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын әзірлеу және бекіту ұсынылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдарды анықтау

Кәсіпорын жұмыскерлерінің лауазымдық міндеттеріне сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырағыштығын талдау қорытындысы бойынша Кәсіпорынның және оның филиалдарының қызметін ұйымдастыру, мемлекеттік сатып алу, материалдық және қаржылық ресурстарды пайдалану және пайдалануды бақылау, кадр мәселелерінде ұйымдастыру-тарату функцияларын атқаратын жұмыскерлер лауазымдарының тізбесі қалыптастырылды (№ 2 қосымша).

2. Мұдделер қақтығысын реттеу

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға тенестірілген адамдардың өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарға орналасу фактілерін талдау қорытындысы бойынша, сондай-ақ тікелей бағынысында жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) және (немесе) жекжаттарының болуы анықталмады.

Алайда Кәсіпорын жұмыскері өзінің туыстары болып табылатын адамдарға ықтимал пайда әкелуі мүмкін шешімдер қабылдауға қатысқан жағдайларда мұдделер қақтығысының туындау тәуекеліне әкеліп соқтыратын жағдайлар Кәсіпорында бар.

Кәсіпорында Мұдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты бекітіліп, практикада қолданылады, ол Кәсіпорынның әрбір жұмыскері өзінің функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде мұдделер қақтығысын болдырмау/азайту үшін қолдануы тиіс шаралар кешеніне қойылатын талаптарды айқындайды.

Мұдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясатымен мұдделер қақтығысын бақылау функциялары Кәсіпорынның комплаенс қызметіне жүктелген.

Талдау барысында Кәсіпорынның алқалы органдарының қызметін реттейтін барлық ішкі құжаттарда мұдделер қақтығысын реттеу бойынша талаптардың жоқтығы анықталды.

Мұдделер қақтығысын реттеу жөніндегі алқалы органдардың мүшелеріне қойылатын талаптар бөлігінде Кәсіпорынның ішкі құжаттарына толықтырулар енгізу ұсынылады.

3. Қаржы қаражатын игеру және бөлу

1) Кәсіпорынның бюджет саясатының, бюджет процесін реттеу мен регламентеудің жалпы қағидаттары Бас директордың 07.02.2017 жылғы № 05-03-8-62 бүйріғымен бекітілген «Қазаэронавигация» РМК-ны бюджеттеу туралы ережеде белгіленген.

Бюджеттеу туралы ереже күші жойылған нормативтік құқықтық актілерге және бағдарламаларға, азamatтық авиация саласын дамыту жоспарларына сілтемелерді қамтиды.

Бұдан басқа, ішкі құжат бизнес процестерді реттеу, мониторинг, бақылау және уәкілетті тұлғалардың жауапкершілігі мәселелерін жеткілікті дәрежеде регламенттемейді, бұл ретте қолданылатын тұжырымдар мен терминдер нақтылауды талап етеді.

Бюджеттеу туралы ережені КР қолданыстағы заңнамалық актілеріне және Қәсіпорынның даму жоспарына сәйкес өзектендіру, бюджеттік ресімдердің орындалу мерзімін нақтылау, олардың орындалуын бақылау нысандарын және уәкілетті тұлғалардың жауапкершілігін айқындау ұсынылады.

2) Ишкі құжаттармен Қәсіпорын мүлкін есептен шығару/беру, кәдеге жарату және сату ресімдері регламенттелмеген.

Қәсіпорынның мүлкін есептен шығарудың берудің, кәдеге жаратудың және сатудың ішкі ережелерін әзірлеу және бекіту ұсынылады.

4. Жеке және занды тұлғалармен шарттар жасасу

Қәсіпорынның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бүйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының және Қазақстан Республикасының Премьер-Министрдің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 20 маусымдағы № 686 бүйрығымен бекітілген Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Аталған нормативтік құқықтық актілерді іске асыру үшін Қәсіпорында мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды белгілейтін және регламенттейтін шарттық жұмысты жүргізу тәртібі туралы ереже және Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу регламенті қолданылады.

Талдаумен мемлекеттік сатып алудың жекелеген ресімдері бойынша оларды орындау немесе уәкілетті тұлғалардың шешім қабылдау мерзімдері белгіленбегені анықталды.

Шарттық жұмысты жүргізу тәртіби туралы ережесеге тиісті толықтырулар енгізу ұсынылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдар.

Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша:

1. Кәсіпорынның бас директорына қарау үшін талдамалық анықтама енгізу.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері Кәсіпорынның интернет-ресурсында орналастыру.

3. Осы талдамалық анықтамада көрсетілген ескертулерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту.

Қосымша: 5 парақта

Комплаенс қызметінің бастығы



Ж. Еламанов

2023 жылғы «Қазаэронавигация» РМК қызметіндегі
СТІА қорытындысы бойынша
талдамалық анықтамаға
№1 қосымша

СТІА шеңберінде зерттелген нормативтік құқықтық актілер мен ішкі құқықтық құжаттардың тізбесі

- 1) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- 2) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі;
- 3) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заны;
- 4) «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заны;
- 5) «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заны;
- 6) «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заны;
- 7) «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заны;
- 8) Кәсіпорынның 2013 жылғы 17 қыркүйектегі Жарғысы;
- 9) 2016 жылғы 28 қантардағы Ұжымдық шарт;
- 10) 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары;
- 11) 2023 жылғы 20 маусымдағы № 686 Ерекше тәртіпті қолдана отырып мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары;
- 12) 2013 жылғы 28 қыркүйектегі №764 Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналын кәсіптік даярлаудың үлгілік бағдарламалары;
- 13) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі бекіткен 2023 жылғы 25 тамыздағы №236 Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидалары;
- 14) 2020 жылғы 06 тамыздағы Авиациялық персоналды ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету бойынша кәсіби даярлау бағдарламасы;
- 15) 2022 жылғы 01 тамыздағы Авиациялық персоналды кәсіби даярлау бағдарламасы;
- 16) 2017 жылғы 04 желтоқсандағы «Қазаэронавигация» РМК-ның еңбек тәртіптемесі ережелері;
- 17) 2023 жылғы 29 наурыздағы «Қазаэронавигация» РМК-да құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидалары;
- 18) 2014 жылғы 22 қазандагы Қызметкерлердің дербес деректерін жинау, өндеу, сактау және қорғау туралы ереже;
- 19) 2018 жылғы 12 шілдедегі «Қазаэронавигация» РМК бос лауазымына орналасу конкурсы туралы ереже;
- 20) 2023 жылғы 04 қыркүйектегі «Қазаэронавигация» РМК тәртіптік комиссиясы туралы ереже;

- 21) 2014 жылғы 22 қазандағы «Қазаэронавигация» РМК-да штаттық лауазымдар бойынша лауазымдық нұсқаулықтарды өзірлеу, келісу және бекіту тәртібі туралы ереже;
- 22) 2019 жылғы 07 маусымдағы Жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісім комиссиясы туралы келісім және ереже;
- 23) 2014 жылғы 19 мамырдағы «Қазаэронавигация» РМК-да құжаттарды мемлекеттік тілде дайындау жөніндегі жұмыс регламенті;
- 24) 2022 жылғы 23 желтоқсандағы «Қазаэронавигация» РМК істер номенклатуrasesы;
- 25) 2020 жылғы 06 қазандагы «Қазаэронавигация» РМК филиалдарының РТЖБП қызметтерінің жергілікті аттестаттау комиссиясы туралы ереже;
- 26) 2022 жылғы 01 сәуірдегі «Қазаэронавигация» РМК филиалдарының орталық аттестаттау (біліктілік) комиссиясы және метеорологиялық қызметтердің жергілікті аттестаттау (біліктілік) комиссиялары туралы ереже;
- 27) 2021 жылғы 23 қантардағы «Қазаэронавигация» РМК-да шарттық жұмысты жүргізу тәртібі туралы ереже;
- 28) 2020 жылғы 04 ақпандағы «Қазаэронавигация» РМК мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу регламенті;
- 29) 2018 жылғы 05 қазандагы «Қазаэронавигация» РМК қызметкерлеріне мерекелік кунге сыйлықақы беру ережелері;
- 30) 2022 жылғы 04 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының басшы қызметкерлеріне сыйлықақы беру туралы ереже;
- 31) 2018 жылғы 05 шілдедегі «Қазаэронавигация» РМК қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және оларды ынталандыру туралы ереже;
- 32) 2020 жылғы 17 қантардағы «Қазаэронавигация» РМК қызметкерлеріне жұмыс қорытындысы бойынша біржолғы сыйақы беру туралы ереже;
- 33) 2021 жылғы 14 қантардағы «Қазаэронавигация» РМК есепке алу саясаты;
- 34) 2021 жылғы 22 сәуірдегі «Қазаэронавигация» РМК ақпараттық қауіпсіздік саясаты;
- 35) 2014 жылғы 29 қазандагы «Қазаэронавигация» РМК қызметкерлеріне тұрғын үйді есепке қою, жалға беру, жекешелендіру және жалдау қызметтеріне ақы төлеу тәртібі туралы ереже;
- 36) 2014 жылғы 06 қантардағы «Қазаэронавигация» РМК тұрғын үй комиссиясы туралы ереже;
- 37) 2023 жылғы 14 қыркүйектегі «Қазаэронавигация» РМК қызметкерлеріне тұрғын үйді жалға беру мәселелері бойынша «Әуе қозғалысын ұйымдастыру жөніндегі қызметкерлердің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігіне өтінішхат жолдау тәртібі;
- 38) 2017 жылғы «Қазаэронавигация» РМК Бюджеттік комиссиясы туралы ереже.
- 39) 2017 жылғы 07 ақпандағы «Қазаэронавигация» РМК-ның бюджеттеу туралы ережесі.
- 40) Кәсіпорын бөлімшелері туралы ережелер және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары.

2023 жылғы «Қазаэронавигация» РМК қызметіндегі
СТІА қорытындысы бойынша
талдамалық анықтамаға
№2 қосымша

**«Қазаэронавигация» РМК СТІА қорытындысы бойынша айқындалған
сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар тізбесі**

№	Сыйбайлас жемқорлық тәуекеліне бейім лауазым	Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері
1.	Бас директор (міндетін атқарушы тұлға)	Кәсіпорынның және оның филиалдарының қызметін үйімдастыру	Шешімдер қабылдау және әкімшілік-шаруашылық және үйімдастырушылық-әкімдік функцияларды жүзеге асыру күкірткышы
2.	Бас директордың бірінші орынбасары (міндетін атқарушы тұлға)	Кәсіпорынның және оның филиалдарының қызметін үйімдастыру	Шешімдер қабылдау және әкімшілік-шаруашылық және үйімдастырушылық-әкімдік функцияларды жүзеге асыру күкірткышы
3.	Бас директордың орынбасарлары (міндетін атқарушы тұлға)	Кәсіпорынның және оның филиалдарының қызметін үйімдастыру	Шешімдер қабылдау және әкімшілік-шаруашылық және үйімдастырушылық-әкімдік функцияларды жүзеге асыру күкірткышы
4.	Бас директордың орынбасары – авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшысы (міндетін атқарушы тұлға)	Кәсіпорынның және оның филиалдарының авиациялық қауіпсіздік саласындағы қызметін үйімдастыру	Шешімдер қабылдау және әкімшілік-шаруашылық және үйімдастырушылық-әкімдік функцияларды жүзеге асыру күкірткышы
5.	Басқарушы директор-аппарат басшысы (міндетін атқарушы тұлға)	Кәсіпорынның және оның филиалдарының кадрлық жұмыс және қызметкерлерді оқыту саласындағы қызметін үйімдастыру	Шешімдер қабылдау және әкімшілік-шаруашылық және үйімдастырушылық-әкімдік функцияларды жүзеге асыру күкірткышы
6.	Басқарушы директорлар (міндетін атқарушы тұлға)	Кәсіпорынның және оның филиалдарының қызметін үйімдастыру	Шешімдер қабылдау және әкімшілік-шаруашылық және үйімдастырушылық-әкімдік функцияларды жүзеге асыру күкірткышы
7.	Бас бухгалтер (міндетін атқарушы тұлға)	Кәсіпорынның және оның филиалдарының қаржылық және материалдық ресурстарын басқару	Шешім қабылдауға әсер ететін есепке алу және есептілікті калыптастыру, мүлікті есепке алу, түгендеу, Кәсіпорынның акшалай

		жөніндегі ұйымдастыру	қызметті ұйымдастыру	қаражатын бақылау	есепке алу	және
8.	Филиалдар директорлары (міндеттін атқарушы тұлға)	Филиалдың ұйымдастыру	қызметтін ұйымдастыру	Шешімдер қабылдау және екімшілік-шаруашылық және ұйымдастырушылық-өкімдік функцияларды жүзеге асыру куқығы		
9.	Экономика және тарифтер департаментінің директоры (міндеттін атқарушы тұлға)	Бюджеттік жоспарлау, еңбекақы қорын қалыптастыру, ынталандырушы сипаттағы төлемдерді бөлу		Бөлінетін қаражаттың ұлғаюына әсер ететін мәліметтерді бюджеттік өтінімге енгізу, ынталандырушы сипаттағы төлемдерді бөлу кезінде артықшылық беру мүмкіндігі		
10.	Әкімшілік және кадрлық жұмыс департаментінің директоры (міндеттін атқарушы тұлға)	Жұмысқа қабылдау процедураларын ұйымдастыру, ізденушілерге және конкурстық мәселелерге қойылатын талаптарды жасау, ізденушілерді бағалау, еңбек жағдайларын жасау, қызметте жогарылату және т. б.		Ізденушілерге артықшылық беру мүмкіндігі, қызметі бойынша тиісті игіліктерді (материалдық көтермелейлер, демалыстар, пәтерлер және т.б.) таңдау алуға «жайлы» немесе «ыңғайсыз жағдайлар» жасау, меритократия қағидатын сақтамау		
11.	Құқықтық қамтамасыз ету және филиалдармен жұмыс істеу департаментінің директоры (міндеттін атқарушы тұлға)	Кәсіпорын филиалдарымен жұмыс істеу бойынша қызметті ұйымдастыру және шарттық және талап- арыз жұмыстарын жүргізу		Шарттарды жасасу, мемлекеттік сатып алуды жүргізу кезінде белгілі бір шешімдерді қабылдау кезінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру процесінде өнім берушілерге артықшылық беру, шарттарды орындау кезінде тиісті бақылау жүргізбеу, сот органдарына жүгінбеу не өнім берушілердің шарттар бойынша міндеғемелерді орынданау немесе тиісінше орынданау фактілері бойынша талап- арыздарды уақытылы бермеу мүмкіндігі.		
12.	Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру басқармасының bastығы (міндеттін атқарушы тұлға)	Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу		Еркін жоспарлау, бәсекелестікті шектеу, мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде белгілі бір шешімдерді қабылдау мүмкіндігі.		
13.	Ішкі аудит секторының bastығы (міндеттін атқарушы тұлға)	Ішкі аудитті ұйымдастыру және жүргізу, ұйымдастырушылық- өкімдік және әкімшілік- шаруашылық шешімдерді қабылдауга әсер ететін ақпаратты дайындау		Басқарушылық шешімдерге әсер ететін аудит жүргізу шенберінде ақпаратты жасыру немесе бұрмалау мүмкіндігі		
14.	Филиалдардың бас бухгалтері-қаржы- экономикалық	Филиалдың бухгалтерлік есебін ұйымдастыру және материалдық, еңбек және		Шешім қабылдауга әсер ететін қаржылық, статистикалық және басқарушылық есептілікті есепке		

	бөлімінің бастығы (міндеттін уақытша атқарушы тұлға)	каржы ресурстарының ұтымды, үнемді пайдаланылуын, менишкітің сақталуын бақылау	алу және қалыптастыру, филиалдың мүлкін, активтерін, кемшіліктері мен басқа да шығындарын есепке алу, бақылау және қадағалау, түгендеу, қызметкерлердің жалақысын есептеу, ынталандыруышы сипаттағы төлемдерді бөлу, активтерді есептен шығарудың заңдылығын қамтамасыз ету және т. б.
15.	Экімшілік-шаруашылық бөлімінің бастығы (міндеттін атқарушы тұлға)	Ұйымдастырушылық-екімдік және экімшілік-шаруашылық шешімдерді (мұлікті, тауар-материалдық корларды сатып алу, бөлу, есептен шығару, жою және т. б.) қабылдауға әсер ететін ақпаратты қалыптастыру және дайындау	Басқарушылық шешімдерге әсер ететін ақпаратты жасыру немесе бұрмалау мүмкіндігі